



ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ
V Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының
МАТЕРИАЛЫ
9-11 қазан, 2014 ж., Алматы қ., Қазақстан

МАТЕРИАЛЫ
V Международной научно-практической конференции
ТУРИЗМ КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ
9-11 октября, 2014 г., г. Алматы, Казахстан

<i>Тажибоева Т.Л., Полякова С.Е., Тастанова Ж.Д.</i> ВНЕДРЕНИЕ ПРИНЦИПОВ «ЗЕЛЕННОГО ОФИСА» В УНИВЕРСИТЕТАХ.....	74
<i>Ердаuletов С.Р., Кошкимбаева У.Т.</i> АГРОТУРИЗМ МЕН ОНЫҢ НЕГІЗГІ АТҚАРАТЫН ФУНКЦИЯЛАРЫ.....	78
<i>Алиева Ж.Н., Балғын</i> ҚЫТАЙ ТУРИЗМІНІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ЖАГДАЙЫ.....	82
<i>Алиева Ж.Н., Нұрұлы Е.</i> ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА МАРКЕТИНГТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	85
<i>Алиева Ж.Н., Фархатұлы М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАГЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ БЛАШАҒЫ.....	90
<i>Байбуриев Р.М., Тойымбаева Ж.Х.</i> ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНДАГЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ РОЛІ.....	94
<i>Шолпанкулова М.С.</i> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ АНАЛИЗА ТУРИСТСКОГО РЫНКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	100
<i>Тесленок С. А., Тесленок К.С.</i> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ РАЗРАБОТКЕ ТУРИСТСКИХ МАРШРУТОВ.....	103
<i>А.К. Seitzhanova</i> SIGNIFICANCE OF DOMESTIC TOURISM	109
<i>Alimova N.A.</i> ROLE OF EVENTS IN THE DOMESTIC TOURISM DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN	114
<i>Н.В. Тычков</i> ИНФОГРАФИКА КАК ПЕРСПЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ КОМПЛЕКСА МАРКЕТИНГОВЫХ КОММУНИКАЦИЙ В СФЕРЕ ТУРИЗМА КАЗАХСТАНА.....	120
ТУРИЗМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕГИОНОВ	
<i>Искакова К.А., Каипова Ж.А.</i> ТУРИЗМ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ОТСТАЛЫХ И ДЕПРЕССИВНЫХ ТЕРРИТОРИЙ В МИРОВОЙ ПРАКТИКЕ.....	125
<i>Искакова К.А., Айжолова Г.Р.</i> Туризм как фактор развития депрессивных малых городов Республики Казахстан	131
<i>Кораблев В.А.</i> ОЦЕНКА ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА ОЗЕРА АЛАКОЛЬ И ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЕГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ.....	137
<i>Тукубаева Ж.К.</i> РЕКРЕАЦИОННОЕ РАЙОНИРОВАНИЕ ЮЖНОГО ПОБЕРЕЖЬЯ ОЗЕРА ИССЫК-КУЛЬ.....	141
<i>Кубесова Г.Т., Турсинбаева К.С.</i> ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗНООБРАЗИЕ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА (НА ПРИМЕРЕ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА).....	144

Аби
К В
ОБ
Bei
СЕ.
ТЕЛ
Му
ГЕ
В Г
Аби
РА
ГО
Аки
ОП
НА
Аби
АП
ТУ.
Жа
КА
РЕЛ
Аби
АЛ
КА
Тол
ЛЕ
КО
Тол
ФИ
МЕ
Ари
ОРИ
Кух
АН
ГО
Али
ОЦ
ДЛ
Тур
МУ
КА
Аки
ИС
ТУ.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Воскресенский В.Ю. Международный туризм: учебное пособие. – М. : Юнити-Дана, 2007. – 255 с.
- 2 Чумаков К. Этноэкологический туризм в сохранении природного и культурного наследия / Новая жизнь, 2006. – № 5. – С. 15-16.
- 3 Жерносенко И.А. Священными тропами: учебно-методическое пособие по подготовке гидов-экскурсоводов. – Горно-Алтайск, 2008. – С. 467.
- 4 <http://inform.kz/kaz/article/2381001>.
- 5 <http://news.invest.kz/45217633-ekspo-2017-ayasynda-a-mola-oblysynda-etno-auyldarylady>

УДК 338.482.22:502

ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ РӨЛІ

Байбуриев Р.М., Тойымбаева Ж.Х.
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Мақалада тұрақты (орнықты) даму қоғамдық байлықтың, табиғи капиталдың, мәдени мұраның және қоғам өмірі деңгейіне тұрақты, ұрпақтан ұрпаққа өсуін қамтамасыз ететін шарттардың, факторлардың, құралдардың жиынтығы ретінде тадқыланады. Экологиялық туризм елдің тұрақты дамуына себептес болуы көрсетіледі. Аймақтық деңгейде дербес жүзеге асатын іс-әрекеттердің негізгі бағыттары айқындалады.

Жер бетінде халық санының өсуі, көптеген елдердің индустриалды дамуы, табиғат ресурстарын пайдалануды еселеп арттырып, адамның табиғатқа әсерін өсіре түсуде. Кейбір елдерде қоршаған ортаның жағдайының нашарлауы соншалық, адамдар денсаулығына кері әсер ете бастады. Осының бәрі қоғамды қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл аударуға, табиғатты сақтау және қалпына келтіру мәселелерімен жақсырақ айналысуға, сондай-ақ оның ресурстарын үнемді пайдалануға итермелейді.

Адамзат табиғатқа тек оның жағдайын нашарлату арқылы ғана әсер етпеу керек, шамалы табысқа бола оларды жыртқыштықпен жұмсауға, қоршаған ортаны адамдар барлық тіршілік үшін зиянды қалдықтармен ластауға болмайды. Осыған байланысты алдыңғы кезекте, табиғатты пайдалану, экологиялық сараптау мен жобалауды кең қолдану, сондай-ақ табиғатты пайдаланудың объективтік-экономикалық механизмін жасау проблемалары туындайды. Осылар қалыптасқан экологиялық жағдай адамдарды қиындықтар мен дағдарыс туралы сөз қылуды қойып, өздерінің ұлғайған тәбеттерін тежей отырып және табиғат ананың мүмкіндіктерімен есептесе отырып нақты істерге көшуіне итермелеуі тиіс.

Адамзат қоғамының алдында тұрған экологиялық мәселелер оның дамуының барлық тарихи кезеңдерінде орын алып отырды. Бірақ, өндірістік қоғам мен демографиялық жарылыс кезеңінде адамзаттың табиғатқа теріс әсерінің нәтижелері ғаламдық сипатқа ие бола бастады. Экологиялық мәселенің мәні – табиғаттағы қалыптасқан тепе-теңдікті бұзбай, миллиардтаған адамдарды жерде қоныстандыру және олардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Қазіргі Жердегі тіршілік адам қызметінің сипатына тәуелді.

Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың толыққанды қатысушысы ретінде «XXI ғасырға арналған күн тәртібінде» (Рио-де-Жанейро, 1992 жыл) және Мыңжылдық Саммиттің (Нью-Йорк, 2000 жыл) және Орнықты Даму жөніндегі Әлемдік Саммиттің

(2002 жыл, Йоханнесбург) декларацияларында қойылған міндеттерді орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдады [1]. Қазақстан Республикасы орнықты дамуға қол жеткізу бағытында бірқатар шаралар қолданды.

Жаһандық деңгейде 1998 жылдан бастап Қазақстан БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі комиссиясының, «Еуропа үшін қоршаған орта» және «Азия үшін қоршаған орта мен орнықты даму» үдерістерінің мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады. 2003 жылдан бастап Қазақстан орнықты дамуға арналған Дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесінің өңірлік еуразиялық желісінің қатысушысы болып табылады.

Орнықты дамудың негізгі құрамдас бөліктері - саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және экологиялық орнықтылық болып табылады. Бұл ретте, ХХІ ғасырда әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған басты міндеттердің бірі тарихи контексте адамзаттың тіршілік етуін қамтамасыз ететін әмбебап құндылық ретінде табиғатты қорғау болып табылады. Адамның техникалық мүмкіндіктерінің артуымен антропогендік қысым да өсіп келеді, ол қайтарымызсыз болып қана қоймай, сонымен бірге қоғамды экологиялық дағдарыс шекара-ларына да әкеледі.

2006 жылдың 29 желтоқсанында № 231 Елбасы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2007-2011 жылдары туризмді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында экологиялық туризм республикамызда туризмді дамытудың басымды бағыттарының бірі ретінде танылды [1]. Берілген бағыт бойынша алғашқы кезектегі міндеттер ретінде табиғатты, жергілікті мәдениетті қорғау және ұлттық дәстүрлер мен генетикалық қорларды сақтау бойынша шараларды ескеру есебімен экотуризмді дамыту бойынша ұлттық, аймақтық және жергілікті саясатты өндіру қарастырылады. Ол жергілікті халықпен, жеке меншік сектор-мен және мемлекеттік емес ұйымдармен серіктестікте қарастырылады. Алайда Қазақстанда саясаттың өзі де, сонымен қатар, экотуризмді дамытудың бірыңғай ұйымдастыру тәсілдері әлі де болса қалыптаспаған. Практикада көбінесе экотуризмді туристердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) мен ауылды аймақтарға бару мүмкіндіктерінің кеңеюімен, мұндай туристердің ұлттық және халықаралық ағымының ұлғаюымен және туризмнің сәйкес инфрақұрылымының жасалуымен байланыстырады.

Қазіргі кезең адамның ерекше биосфералық қызметі – биосфераны қорғау мен сақтап қалу қызметімен анықталып отыр. Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамудан тиімді, реттелген, табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі тиіс. Тек осы кезде ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзақ уақыттық, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды. Мұндай дамуды – тұрақты даму деп атайды. Бірақ бұл үшін адамдардың сана-сезімі, олардың мақсаты мен адамгершілік бағыттылығы өзгеруі тиіс.

1987 жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде алғаш рет «орнықты даму» концепциясын ұсынды.

«Орнықты даму» дегенде қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму деп түсіну керек. «Біз ата-бабаларымыздың Жерін мұраға алған жоқпыз. Біз оны өзіміздің балаларымыздан қарызға алдық» (БҰҰ материалынан).

Тұтынудың құрылымын өзгерту Адамзаттың бай бөлігінің шектен тыс ысырап етуі – қоршаған ортаның бұзылуы мен табиғат ресурстарының сарқылуының себептері болып табылады. Сонымен қатар, кедей адамдар өмірге қажетті минималды мөлшерімен қамтамасыз етілмейді. Энергетикалық және шикізаттық пайдалануды қысқарту, экологиялық таза технологияларды дамыту.

Тұрақты даму мақсатындағы ғылым мен білім беру. Қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер адамзаттың тіршілігін сақтау мақсатында жұмыс істейді. ХХІ ғасырда биосферада қауіпті өзгерістер болуы мүмкін. Ғалымдар төмендегі мәселелерді зерттеуде: ауа райының өзгеруі, ресурстарды тұтынудың артуы, демографиялық тенденциялар, ортаның деграляциясы,

энергия мен ресурстарды пайдалану, биосфераның космостық зерттеулері, ортаның адам денсаулығына әсері және т.б. Бағдарлама әр түрлі жастағы адамдардың қоршаған ортаны қорғау мен даму мәселелері бойынша білім алуын қамтамасыз етуі керек. Экологиялық білім беру – адамзаттың тұрақты дамуының қажетті шарты.

«Орнықты даму қазіргі уақыт қажеттіктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтардың өз қажеттіктерін қанағаттандыру қабілеттілігіне қауіп төндірмейтін даму болып табылады.» (Брундтланд комиссиясы, БҰҰ, 1987ж.)

«Орнықты даму» терминінің пайда болу тарихы. «Орнықты даму» термині алғашында табиғатты пайдалануда, атап айтқанда балық және орман шаруашылығында пайда болған. Бұл термин оны пайдалану кезінде табиғи ресурстар сарқылмайтын және табиғи кобейіуі мүмкіншілігіне ие болатын табиғи ресурстарды пайдалану жүйесін білдіретін.


1987 жылы бірнеше жыл бойындағы жұмысынан кейін Комиссия әлеуметтік және экономикалық проблемалардың шешілуінсіз экологиялық проблемаларды шешу мүмкін емес және орнықты даму жөнінде кең мағынада айту қажеттігі туралы тұжырымға келді. Комиссия БҰҰ ұсынған баяндамасында орнықты даму келесідей болып анықталады: «Орнықты даму – Орнықты даму қазіргі уақыт қажеттіктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтардың өз қажеттіктерін қанағаттандыру қабілеттілігіне қауіп төндірмейтін даму болып табылады». Анықтамаға келесі түсіндірме берілген болатын: «Орнықты және ұзақ мерзімді даму өзгеріссіз үйлесімдік жағдайы емес, керісінше өзгерістер процесі, онда ресурстарды пайдалану, капитал салымдарын бағыттау, техникалық дамуды бағдарлау және институционалды өзгерістер ағымдағы және болшақтағы қажеттіктермен үйлеседі».

Орнықты даму әлемдегі барлық тұрғындардың өмір сапасын арттыруды, табиғи ресурстарды пайдалану көлемін Жердің экологиялық жүйе ретіндегі мүмкіншіліктерінен аспайтын шектен арттырмауды болжайды. Орнықты даму өмір салтын қалыптастыру бойынша күш салу үш басты саладағы қызметке кешенді әдісті қолдануды болжайды.

Экономикалық өсім және әділеттілік – ұзақ мерзімді экономикалық өсімді ынталандыруда кешенді әдістерді қолданумен сипатталады.

Табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортаны қорғау – ресурстарды тұтынудың азайту проблемаларын экономикалық тұрғыда қабылданатын шешімдерін іздеу, қоршаған ортаны ластауды тоқтату және өмір сүру ортасын сақтау.

Қазақстан Республикасы ЕҚТА-на келушілер саны (адам)



Сурет. Қазақстан Республикасы ЕҚТА-на келушілер саны (адам)

Әл
медици
әлеумет
барлық
қатысу
Ал
туристер
байлықт
әкелуге
бағыты
салуын
байланы
ге, таби
Қа
шаруаш
рамды
Со
үшін де
румен б
игерілме
анықтал
судағы
Қазақст
маты си
қатысты
«Э
халықар
енгізді.
табиғи
алу ма
қорғауға
тұрғынд
луын қа
Жа
ағымын
бағыты
ре отыр
көрсету
– э
ЕҚТА б
енгізу. С
іс-әреке
туропер
– э
және қа
әрекетін
– э
турөнім,
– Н
көрсету

Әлеуметтік даму – адамдарды жұмыс орындары, азық-түлік, білім, энергия, медициналық көмек, су, және санитария қажеттіктерін қанағаттандыру; бай мәдени және әлеуметтік әрікелкілікке деген ұқыпты қарау және еңбеккерлер құқықтарын сақтау; қоғамның барлық мүшелерінің олардың одан арғы тағдырына әсер ететін шешімдердің қабылдануына қатысу мүмкіншілігімен қамтамасыз ету.

Алайда экотуризм – бұл көпшілікке арналған туризм емес, ол табиғи аймақтарда туристердің үлкен ағымын қолдауға бағытталмаған, керісінше, Қазақстанның табиғи байлықтарын сақтауға және жергілікті тұрғындарға туризмнің жүзеге асырылуынан табыс әкелуге мүмкіндік беретін тәсілге балама әдіс болып табылады. Осыған орай туризмнің осы бағыты еліміздің экономикасы мен оның жекелеген аймақтарында жаңа мықты кластердің жасалуын көздемейді. Ол, біріншіден, табиғи туризмді ұйымдастыру жолдарының өзгерісімен байланысады, яғни табиғи аймақтарға, оның ішінде ұлттық және аймақтық табиғи парктерге, табиғи қорықтар мен қорларға туристердің баруымен байланысты (сурет).

Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары, Орман және аңшылық шаруашылық комитетінің есептеуі бойынша, елімізде экологиялық туризмді дамытуға жарамды 176 туристік маршрут бекітілген [2].

Сонымен қатар, қазіргі туристің рекреациялық талғамдары да түбегейлі өзгеруде. Ол үшін демалысты урбанизацияланған аймақтардан алшақ орналасқан табиғи аймақтарға барумен бірлестіру, яғни табиғи туризм тартымды көрінеді. Табиғи туризм табиғат қорларын игерілмеген күйінде пайдалануға тікелей байланысты кез келген туризмнің түрі тәрізді анықталады. Бұған келесі қасиеттер енеді: табиғи көріністердің сұлулығы, жердің бедері, судағы демалыс, өсімдіктер және жабайы тірі табиғат. Сарапшылардың пікірі бойынша, Қазақстанда табиғи туризмге қажеттіліктің ұлғаюы корсетіледі, әсіресе бұл Астана және Алматы сияқты ірі қалалардың тұрғындарының демалыс күндеріндегі туристік талғамдарына қатысты.

«Экологиялық туризм» терминінің көптеген түрлі анықтамалары бар, дегенмен халықаралық қолдануға оны мексикалық экономист-эколог Гектор Цебаласс-Ласкурейн енгізді. Атап айтқанда, ол экотуризмге келесі анықтама береді: «біршама бұзылмаған табиғи аймақтар бойынша табиғи және мәдени көрнекті жерлерді оқып білу және ләззат алу мақсатында қоршаған орта алдында жауапкершілікпен саяхаттау. Ол табиғатты қорғауға себебін тигізеді, қоршаға ортаға «жұмсақ» әсер етеді, бұл іс-әрекетке жергілікті тұрғындардың белсенді әлеуметтік-экономикалық қатысуын және артықшылықтарға ие болуын қамтамасыз етеді» [2].

Жалпы табиғи және оларға қатысты аймақтарда көбейіп келе жатқан туристер ағымының кері экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерін төмендетуге арналған бағыты ретінде экотуризмді ілгері жылжытудың қарастырылған қазіргі жолдарын ескере отырып, Қазақстанда экотуризмді дамытуға қатысты келесі негізгі мәселелерді атап көрсетуге болады [3]:

– экотуризмнің даму мәселелерін мемлекеттік, салалық және аймақтық стратегияларға, ЕҚТА бойынша бағдарламалар мен жоспарларға және жеке ЕҚТА басқару жоспарларына енгізу. Оның ішінде пилоттық жобаларға қаржыны бөлу және экотуризмді дамыту бойынша іс-әрекетті жүзеге асыратын субъектілерге арналған ынталандыру шараларын ұсыну (ЕҚТА, туроператорлар) мәселелерін де енгізу;

– экотурөнімдерге қатысты, сонымен бірге экотуризмді жүзеге асыру, жылжыту және қалыптастыру бойынша іс-әрекетті жүзеге асыратын ЕҚТА мен туроператорлардың әрекетіне қатысты критерийлерді анықтау;

– экотуризм бойынша іс-әрекетті жүзеге асыратын туроператорлардың және турөнімдердің ерікті экосертификаттау схемасын әзірлеу және енгізу;

– нарықта экотурларды әзірлеу мен ұсыну бойынша ақпараттық және әдістемелік көмек көрсету;

- туризмнің қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаға кері әсерін анықтауға оңтайлы жолдарын табу;
- жергілікті қоғамдастықтар негізінде экотуризмді ұйымдастыру арқылы жергілікті тұрғындарды қатыстыру және ақпараттандыру;
- экотуризм мәселелері бойынша туристік қызмет көрсетуді ұсынатын ұйымдардың қызметкерлерін оқыту.

Қазақстан жағдайында экотуризм бойынша жеке стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге және бекітуге айтарлықтай қажеттілік жоқ. Экотуризмді дамыту бойынша саясатты қалыптастыру жеткілікті және мүмкін болып саналады. Ол тұрақты туризмге және қоршаған ортаны қорғауға көшу бойынша міндеттерді шешумен, биоалуандылықты сақтау мен ЕҚТА-ды дамытумен, сонымен бірге тұрақты туризмді дамытумен бірегей болуы керек. Дегенмен, бастапқыда төмендегіні анықтап алу қажет - экотуризмді дамыту бойынша бағыт табиғи туризм көлемінің кеңеюімен, одан түсетін үлкен табыстарды табуымен, сонымен бірге ЕҚТА-да туристер ағымының ұлғаюымен ғана тікелей байланыспау керек.

Қазақстан Республикасында 2007-2011 жылдары туризмді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында экологиялық туризм туризмді дамытудың бірден-бір бағыты ретінде көрініс тапты. Алайда, негізінде, ол ЕҚТА-да жүзеге асатын табиғи туризм мен туризмге теңестіріледі, сондықтан бұл бағдарламада еліміздегі экологиялық туризмнің потенциялы шексіз деп көрсетілген. Капиталды салу және оның шығындары алдымен ЕҚТА-да, оның ішінде – туристік кешендер, тауда шаңғы тебу базаларының және т.б. туризм үшін инфрақұрылымды дамыту аспектісінде қарастырылады. Мұндай әдіс көбінесе әлеуметтік және қоршаған табиғи ортаға кері әсерлерін тигізетін көпшілік туризмнің дәстүрлі әдістері негізінде ұйымдастырылған табиғи туризмнің дамуына сәйкес келеді, экотуризм деп аталғанмен ол, әрі кетсе, тұрақты туризмге ғана сәйкес.

Аймақтық стратегиялар мен бағдарламалар аясында экотуризмді дамыту бойынша іс-әрекеттің бағыттарын, міндеттер мен іс-шараларды анықтап алу маңызды. Олар жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен және жергілікті үкімет органдарының қолдауымен шешіледі.

Аймақтық деңгейде дербес жүзеге асатын іс-әрекеттердің негізгі бағыттары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

- жергілікті мәні бар ЕҚТА-да экотуризмді ұйымдастыру және дамыту;
- жергілікті тұрғындардың қолдауы мен қабылдануына бағытталған экотуризм мәселелері бойынша ақпараттық жұмысты жүргізу;
- туристік іс-әрекетті жүзеге асыру үрдісінде, оның ішінде – жергілікті тұрғындар қызмет көрсететін қонақ үйлер желісін дамыту арқылы іске асатын жергілікті өнімдер мен қызмет көрсетулерді қолдануға қолдау көрсету;
- жергілікті қоғамдастықтардың қатысуына негізделген экотуризмді дамыту бойынша пилотты жобаларды қолдау;
- тиісті аймақтарда экотуризмді дамыту бойынша міндеттерді жүзеге асырушы жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнеске қолдау көрсету;
- жергілікті мәдениет және дәстүрлермен танысуға, оның ішінде мәдени-тарихи маңыздылығы бар жерлерге бару, жергілікті тамақпен, әдет-ғұрып және дәстүрлермен танысу; музыкалық фестиваль және көрмелерді ұйымдастыру және т.б., бағытталған арнайы турлар мен іс-шараларды ұйымдастыру және қолдау;
- энергияны сақтауды және экотуризмді дамыту аясында жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау;
- туристік іс-әрекет нәтижесінде пайда болатын қалдықтарды экологиялық дәйектелген түрде жою мәселелерін шешу;
- туристерді тасымалдау және олардың орын ауыстыру экологиялық қауіпсіз түрлерін қолдануға қолдау көрсету, оның ішінде жаяу, велосипедпен, атпен жүру бағдарларын.

Жа
басқару
шектеул
енгенін
ұйымда
деңгейд
өзгерген
Бұ
шаралар
тұрғынд
Қа
да және
табиғат
ғасырла
Қа
Қазақст
Республ
емес, со
сақталу
мүмкінд

1
орнықта
2
Қазақст
ческий
баровск
3
Америк
4
// Экуто
5

Жалпы ЕҚТА-дың бюджет құрылымы мен қаржыландырудың көлемін ескеру есебімен басқару жоспарлары экотуризм бойынша арнайы іс-шараларды жүзеге асыру үшін едәуір шектеулі болып қалады. Олардың құрамына экотуризмге байланысты жеке мәселелердің енгеніне қарамастан, туризмнің жүзеге асатын түрлері, ЕҚТА-да туризмді реттеу және ұйымдастыру жолдары, туристермен жүргізілетін ақпараттық жұмыс айтарлықтай дәстүрлі деңгейде қалып, басқару жоспарларының жаңа құрылымының енгеніне қарамастан, елеулі өзгерген жоқ.

Бұл ретте басқару жоспарына ЕҚТА деңгейінде әзірленген экотуризм бойынша іс-шараларды енгізу және ол үшін бюджеттен, сонымен қатар ЕҚТА-ға барғанда, жергілікті тұрғындармен жиналған қаржы есебінен қаржы бөліну аса өзекті болып табылады.

Қазіргі таңда орнықты дамуға көшу біздің еліміз үшін объективтік қажеттілікке айналу-да және ұлттық идеяның негізі болуы мүмкін, қазақ халқының туған жерінің өркендеуі, оның табиғатын, мәдениетін, әрбір қазақстандықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғау туралы ғасырлар бойғы арманының іске асуы мүмкін.

Қазақстанның жер қойнауының зор ресурстары, табиғи жағдайлардың алуан түрлілігі, Қазақстан халқының қайратты, дарынды және төзімді бірегей қасиеттері Қазақстан Республикасының алдында тек қана жетекші әлемдік державалардың қатарына қосылуға емес, сондай-ақ «болашақтың мемлекеті», табиғи капиталдың жаһандық тарихи көлемде сақталуы мен көбеюін қамтамасыз ететін экологиялық бағдарланған елдің үлгісі болуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы. – Астана: Ақорда, 2006. – 4 б.

2 Шайкенова Р.Р., Мамутова К.Р. Современное состояние экологического туризма в Казахстане // Сборник статей Всероссийской научно-практической конференции –Экологический и этнографический туризм: становление, проблемы и перспективы развития–. – Хабаровск, 2009.

3 Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту жөніндегі жетекшілік. – «Азиялық-Американдық серіктестік» Қоғамдық қоры. – Алматы, 2009. – 69 б.

4 Ледовских Е.Ю., Моралева Н.В., Дроздова А.В. Современная концепция экотуризма. // Экотур, 2002. – №3. – Б. 17-19.

5 Алиева Ж.Н. Экологический туризм. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 101 б.